

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ



ҚР Конституциясы – мемлекет, жалпы қоғам үшін стратегиялық маңызы бар құжат.

Конституция ұғымына тоқталатын болсақ, Аристотель айтқандай: «Конституция – бұл мемлекеттегі тәртіп». Әрине, Конституция елдің, қоғамның негізгі заңы бола тұра, мемлекетте тәртіпті көздеуі тиіс. Осыған орай, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР Конституциясы – адам құқықтарын қорғау мен мемлекеттіліктің тұрақты негізі» болып табылады, – деп атап көрсеткен еді.

ҚР Конституциясына 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022, 2026 жылдары бірнеше өзгеріс пен толықтырулар енгізілген еді. Ең үлкен реформа 2022 жылы жасалып, 56 бапқа өзгеріс енгізілді.

Жаһандану мен цифрландыру да өз кезегінде мемлекеттегі Конституцияның ролін өзгертті. Ол ішкі құрылым үшін нормалар жиынтығы болудан қалады және ашық цифрлық әлемде егемендікті, жеке адам құқықтарын және ұлттық бірегейлікті қорғау құралына айналады. Қазақстан үшін бұл әсіресе 2022 жылғы конституциялық реформадан кейін өзекті болды.

Маңызды тетік – халықаралық құқық Конституцияға сәйкес келген жағдайда оның басымдығы белгіленеді. Сондықтан ҚР Конституцияның 4 бабы Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың Конституциядан емес, заңдардан басымдығы бар екенін белгілейді. Бұл конституциялық сәйкестігін сақтай отырып, жаһандық процестерге қатысуға мүмкіндік береді дегуге болады.

2022 жылғы реформа Парламент пен Мәжілістің тежеу мен тепе-теңдіктегі ролін күшейтті, бұл жаһандық трендтерінің қысымымен авторитарлық шешімдердің тәуекелдерін төмендетеді.

Екіншіден, цифрлық дәуір классикалық құқықтарды қайта ойластыруды талап етеді. ҚР Конституциясында цифрлық ортада тікелей жұмыс істейтін нормалар бар, олар жеке өмірге қол сұғылмаушылық және хабарламалар құпиясына құқық. ҚР Конституциясының 18 бабы жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, хат алмасудың, телефон арқылы сөйлесудің, электрондық хабарламалардың құпиялығына кепілдік береді. Шектеулер тек заңмен ғана реттеледі. Бұл интернеттегі дербес деректерді қорғауға арналған база болып табылады.

ҚР Конституциясының 18 бабының 3 тармағы мемлекеттік органдарды азаматтардың құқықтарына қатысты құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттейді. ҚР Конституциясының 20 бабының 2 тармағы ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату құқығын бекітеді. Бұл нормалар электрондық үкімет пен e-gov дамуына негіз болды.

ҚР Конституциясының 20 бабының 1 тармағы сөз бен шығармашылық еркіндікке кепілдік береді, цензураға тыйым салады. Әлеуметтік желілер мен сандық контент жағдайында бұл ерікті бұғаттауға қарсы негізгі кепілдік. Жалпы алғанда, ҚР Конституциясында 2022 жылға дейін «цифрлық құқықтар» туралы тікелей норма болған жоқ. Бірақ 18, 20, 24 баптарды кеңейту арқылы сот пен адам құқықтары жөніндегі уәкіл бұл баптарды цифрлық қатынасқа қолданды.

Үшіншіден, ақпараттық қауіпсіздік және киберсуверенитет жайлы айтатын болсақ, цифрландыру кибер шабуылдар мен деректердің таралу қаупін күшейтеді. Конституцияда ақпараттық қауіпсіздік туралы жеке бап жоқ, бірақ 36-бап әрқайсысына киберқауіпсіздік туралы заңдарды қамтитын Конституция мен заңдарды сақтау міндетін жүктейді. Осымен бірге, дербес деректерді қорғау бойынша азаматтардың цифрлық ізінің өсуі анағұрлым нақты конституциялық қорғауды талап етеді. Қазір бұл «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңмен реттеледі, бірақ доктринада дербес деректерді қорғау құқығын тікелей ҚР Конституциясында бекіту туралы мәселе талқылануда.

Ендігі тоқталатын мәселе, бұл – 2026 жылғы ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер, олар әрине, күрделі болып табылды, себебі, 84 пайызға жанартылды.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

30 маусым
сейсенбі
№49 (2261)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТІҢ БАСТАУЫ



1 шілдеден бастап Қазақстан жаңа кезеге қадам басады. Бұл күн еліміздің тарихында ерекше орын алатын сәттердің бірі. Атап айтқанда, қолданыстағы Конституция күшін жойып, жаңа Ата Заң күшіне енеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституция елдегі барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жаңғыруына негіз болған.

– Жаңа Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жаңғыруына негіз қалады. Мұндай күрделі өзгерістер еліміздің 35 жылдық тарихында да, одан бұрын да болған емес. Яғни Қазақстан сапалы ғылым негізінде өркендеу мен технологиялық өрлеу жолына түсті. Дегенмен қоғам бір мақсатқа жұмылып, ынтымақ-бірлік танытпаса, кез келген, тіпті мұқият сараланған мемлекеттік жоспардың өзі қағаз жүзінде қалады. Туған жерге – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ұмытатын білімді, ерік-жігері мол отаншыл жастар елімізді көркейтеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар ел Президенті Конституцияның ел үшін тек құқықтық құжат ғана емес, қоғамды біріктіретін негізгі құндылық екенін атап өтті.

Сонымен халық күткен шілдеде болатын өзгерістерге тоқталсақ, ең алдымен қос палаталы Парламент таратылады. Сайлау өтіп, бір палаталы жаңа заң шығарушы орган – Құрылтай құрылады. Жаңа жүйеде алғаш рет вице президент



Сурет ашық дереккөзден алынды

лауазымы болады. Қазақстан Халық кеңесі құрылады. Оның құрамына 126 адам кіреді. Бұл ұрған заң жобаларын ұсына алады, бастамалар көтереді және ұлттық бірлік мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Ата заң елдің мемлекеттік басқару жүйесіне, Парламенттің құрылымына және бірқатар конституциялық институттарға өзгеріс енгізеді. Жаңа Конституция елдің саяси жүйесін жаңғыртуға

бағытталған. Құжатта мемлекеттік билік тармақтарының құрылымы қайта қаралып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты жаңа нормалар енгізілген. Сондай-ақ бірқатар заңдар мен нормативтік құқықтық актілер жаңа Конституция талаптарына сәйкестендіріледі. Жаңа Конституция еліміздің құқықтық негізін одан әрі нығайтып, әділетті қоғам қалыптастыруға ықпал етеді.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Биылғы жылдың 11 ақпанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 15 наурызда жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойып, елдің тағдырына қатысты түпкілікті таңдау жасауды тікелей халықтың өзіне ұсынды.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: УАҚЫТ ТАЛАБЫ МЕН ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ



Бұл бір күнде қабылданған шешім емес, елдің конституциялық дамуына бағытталған ұзақ әрі жүйелі дайындықтың, ашық қоғамдық талқылаулар мен жұрт пікірін басты негізге алған ауқымды жұмыстың заңды қорытындысы.

Ата заңға өзгертулер енгізуді көздеген үдеріс Президентіміздің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Парламентті реформалау туралы бастамасынан бастау алды. Осыдан кейін Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылып, ол тұрақты негізде азаматтардан, сарапшылар қауымдастығынан, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардан ұсыныстар қабылдап, оларды жүйелі түрде саралаумен айналысты. Жауапты кезеңде халықтың пікірі мен ұсыныстары негізгі басымдық ретінде айқындалды.

2-БЕТТЕ

ЖЕКЕГЕ ӨТКЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ



Сурет ашық дереккөзден алынды

Елестетіп көріңізші, сіздің зейнетақыға деп жинаған ақшаңыз банкте немесе зейнетақы қорында жай ғана жатыр, бірақ жыл сайын инфляция оның бір бөлігін «жеп» қоятыны жасырын емес. Осы уақытқа дейін біздің зейнетақы жинағымызды тек Ұлттық Банк қана басқарып, оны барынша қауіпсіз, бірақ төмен пайызбен инвестициялап келді. Яғни «ақшаңызды инфляциядан қорғап, оны анағұрлым жоғары пайызбен көбейтудің жаңа жолы ашылды». Енді кез келген қазақстандық өзінің зейнетақы ақшасын толығымен жеке басқарушы компанияларға аудару алады. Парламент Сенаты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салымшылардың құқықтарын кеңейтетін заңнамалық түзетулерді қабылдады. Президент заңға қол қойғаннан кейін, қазақстандықтар зейнетақы жинақтарының 100%-ға дейін жеке компанияларға сенімгерлік басқаруға бере алады.

2-БЕТТЕ

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

БІРЛІГІ БЕКЕМ, ТІРЛІГІ ТҮЗУ АҚЖАРМА



Облыс орталығы таяқ тастам жерде орын тепкендіктен тұрғындар жол қатынасынан киналып жүрген жоқ. – Ақжарманың жай-күйі қалай? Қандай игілікті істер бар? – деген сұрақпен ауыл

әкіміне хабарластық. Мұндағы ойымыз округтің тыныс-тіршілігіне, соңғы жылдағы дамуына зер салу еді. Ауылдық округ әкімі

Қызылорданың іргесіндегі Ақжарма ауылдық округі қай кезде де берекелі тірлігімен, ілкімді істерімен көзге түседі. Мұнда еңсе тіктеп, тіршілік көзін табуда соны серпіліс аңғарылады. Округте кәсіпкерлік өрісін кеңейткен. Шаруа қожалығының да шырайын келтіріп жүргендер бар. Бұл – мемлекеттік бағдарламалар қолдауының оң нәтижесі.



Саттар Әбдіреев көңіл демдерлік көрсеткіштерді айтқанда мерейіміз өсіп, қуанып қалғанымыз да рас. Бүгінде мұндағы халық саны 2400 адамды құрайды. Олардың басым көпшілігі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Ал жыл басынан бері 7 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Одан бөлек, «Қоғамдық жұмыс» бағдарламасы

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы 19 адам ақилы қоғамдық жұмысқа тартылған. Қызылорданың бүгінгі келбетіне сүйсінбейтін жан жоқ. Бүгінде дамудың жаңа кезеңіне бет алып, жоғары жетістіктерге қол созып келеді. Мұндай өрелі өзгерістер қалаға қарасты ауылдық округтерде де байқалып отыр. Сол секілді Ақжарма ауылдық округі халқының тұрмысы, әл-ауқаты жақсарған. Бұл ауылда жұмыссыздық мәселесі жоқ десе де болады. Себебі жастардың көбісі ауылдан қалаға қатынап жұмыс істейді. Әлеуметтік демографиялық өсімі артып, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖЕКЕГЕ ӨТКЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ

Ұлттық Банк жеке басқарушыларға қаржылық құралдарды «комбинациялауға» мүмкіндік беретін жаңа ереже енгізді. Бұған дейін жеке компаниялар Ұлттық Банктің консервативті қадамдарын қайталауға мәжбүр еді. Енді олар нарықтағы жағдайға байланысты акциялар мен облигациялардың үлесін өздері араластырып, ерекше стратегиялар құра алады. Мысалы, доллар кымбаттаса – валюталық активтерді, алтын өссе – алтын құралдарын көбірек комбинациялайды. Бұл кірістілікті айтарлықтай арттыруға жол ашады. Ұлттық Банк бұл қадамға нарықта шынайы бәсеке тудыру үшін барғанын айтады. Шарт біреу: қай жеке компания құралдарды сәтті комбинациялап, жоғары пайда тапса, салымшылар ақшасын соған аударады. Осы арқылы Halyk Finance, BCC Invest және Centas Securities тәрізді ірі ойыншылардың «жайлы аймақтан» шығып, мемлекеттік бағалы қағаздардың пайызын күтін отырмай, нарықтағы мықты инвестор екенін іспен дәлелдеуге мүмкіндік туды.

Жаңа жүйеге сәйкес, жеке басқарушы компаниялар акциялар, облигациялар, валюталық активтер және өзге де қаржы құралдарын тиімді үйлестіре алады. Сонымен қатар тәуекел мен табыстылық арасындағы теңгерімді сақтай отырып, инвестициялық портфельді әртарапандыруға жол ашылады.

Кез келген еркіндіктің артында тәуекел бары белгілі. Алайда заның талабы темірдей қатты. Жеке басқарушылардың жауапкершілігі заң жүзінде шегенделген. Егер компанияның құралдарды комбинациялау стратегиясы сәтсіздікке ұшырап, кіріс деңгейі ең төменгі индекске төмен сырғыса, заң бойынша олар жетпей қалған айырмашылықты өз меншікті капиталы есебінен салымшының шотына өтеп береді. Дегенмен, сарапшылар мұндай өзгеріс тек мүмкіндік қана емес, жауапкершілік те екенін айтады. Сол себепті азаматтар қаражатты қай компанияға және қандай стратегиямен сеніп тапсыратынын мұқият тандауы қажет.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Бүгінде Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорында 26 триллион теңгеден астам актив бар. Ал жеке басқарушы компаниялардың нарықтағы үлесі небәрі 110 миллиард теңгені құрайды бұл өзінге салыстырғанда түрде аз. Жаңа реформа осы нарыққа серпін беріп, бәсекелестікті күшейтуді көздейді.

Сенімгерлік басқарушы бұрын қолжетімсіз болған құралдарға инвестиция жасай алады, ал қолайлы жағдай қалыптасқан жағдайда олардан көбірек табыс табуға мүмкіндік туды. Соның нәтижесінде БЖЗҚ салымшыларының шоттарына инвестициялық табыс түрінде көбірек қаражат түседі.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов қазіргі уақытта зейнетақы қорларын негізінен Ұлттық банк басқаратыны және ол оларды жақсы басқарғанымен, ақшаның айтарлықтай бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға және мемлекеттік жобаларды қаржыландыруға инвестицияланатынын жеткізді. Алайда бұл сенімді болғанымен, бірақ жоғары табыс әкелмейді.

Зейнетақы жинағын енді 100 пайыз өзіңіз басқара аласыз. Кеше Сенат біздің бастамамызбен енгізілген норманы мақұлдады. Енді әр адам өз зейнетақысын кімге басқарту керектігін, жақсы табыс әкелуі үшін қалай инвестиция жасау қажеттігін өзі шешеді. Жинақталған ақшаның бұрынғыдай Ұлттық

банкін басқаруында қалдыруға немесе қаражатыңыздың 100%-ын арнайы қаржы компанияларына басқаруға беруге болады, – деді ол.

Бүгінгі таңда әрбір жұмысшы азаматтың ай сайынғы табысынан жылыстайтын 10 пайыздық зейнетақы жарнасын Ұлттық Банк тікелей бақылауында ұстап отыр. Бас банк бұл қаражатты барынша сенімді, тәуекелі төмен мемлекеттік жобалар мен Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарына бағыттайды. Өрине, бұл бағытта Ұлттық Банктің жұмысы нәтижесіз емес, тұрақтылықты сақтауда олардың кәсібилігі жоғары. Десе де, бұл – «жайлы, бірақ бау» жүретін жол. Ал нарықтағы бәсекелестік ортада шыңдалған жеке басқарушы компаниялар бұл қаражатты мүлдем басқа, кірісі әлдеқайда жоғары әрі серпініді бағыттауға салып, салымшының капиталын еселеп көбейтуге мүмкіндік береді.

Депутаттың айтуынша, бұл реформаның басты жетістігі – таңдау еркіндігі. Бұған дейін қолданыста болған заңнама азаматтарға зейнетақы жинағының тек жартысын ғана жеке компанияларға сеніп тапсыруға рұқсат беретін. Ендігі кезекте жинақталған қаражаттың тағдырын салымшының өзі ғана айқындайды. Қарапайым тілмен айтқанда, әрбір азамат арнайы өтініш жолдау арқылы өз қаражатын басқаратын және оны инвестициялайтын қаржылық

ұйымды дербес таңдау құқығына ие болды.

– Жаңа заң аясында жинақтарыңызды қандай стратегиямен инвестициялау керектігін және оның қалай жұмыс істейтінін енді өзіңіз айқындайсыз. Мысалы, шотыңызда 5 миллион теңге болса, оның бір бөлігін кірісі жоғары, бірақ тәуекелі де басым агрессивті стратегияға, екінші бөлігін кірісі мен тәуекелі теңгерілген орташа бағытқа, ал қалғанын өте сенімді, консервативті құралдарға бөліп салуға болады. Біз заң деңгейінде дәл осындай икемді тетікті ұсындық. Ең бастысы – заң бойынша, басқарушы компаниялар сіз табыстаған негізгі капиталдың ешқайда жоғалмауына толық кепілдік береді. Оның үстіне, бұл ұйымдардың әрбір қадамын Ұлттық Банк пен мемлекет қатаң қадағалап отырады, – деді Асхат Аймағамбетов.

Зейнетақы жинақтарын басқару жүйесіндегі өзгеріс – азаматтардың жеке қаражатына қатысты көзқарасын өзгертетін реформаға айналмақ. Бұған дейін салымшылардың таңдауы шектеулі болса, енді олардың өз жинағын кім және қандай стратегиямен басқаратынын өздері айқындауына мүмкіндік беріліп отыр. Бұл – бір жағынан қаржы нарығындағы бәсекелестікті күшейтсе, екінші жағынан басқарушы компаниялардың жауапкершілігін арттыратын қадам. Дегенмен, жоғары табысқа ұмтылу әрдайым жоғары тәуекелмен қатар жүреді. Сондықтан реформа тиімді болуы үшін заңнамалық кепілдіктердің болуы ғана жеткіліксіз. Ең алдымен, қаржы ұйымдарының ашықтығы, олардың инвестициялық нәтижелері мен тәуекелдерді басқару тәжірибесі басты назарда болуы тиіс. Ал салымшылар үшін қаржылық сауаттылықты үйрену бұрынғыдан да маңызды бола түседі. Жаңа заңның нәтижесі уақыт өте айқындалады. Егер жеке басқарушы компаниялар жоғары кірістілікпен қатар сенімділігін де дәлелдей аласа, бұл қадам қазақстандықтардың зейнетақы жинағын көбейтіп қана қоймай, елдегі инвестициялық нарықтың дамуына да серпін беруді ықтимал.

Думан КЕҢШЛІК

ФАКТЧЕКИНГ

Астанада көпқабатты тұрғын үйлердің бірінде болған өрт пен одан туындаған адам өлімі бүкіл елді дүр сілкіндірген еді. Түнгі уақытта тұтанған тілсіз жау бір отбасының үш бірдей баласын ажал құштырды. Адамдардың салғырттығы мен қауіпсіздік ережелеріне немқұрайлы қарауының салдарынан осындай зардап әкеледі. Төтенше жағдайлар департаменті, құтқарушылар шақырту орнына жеткенде пәтер толықтай жалынға оранған еді. Десе де, санаулы уақыт қалған қысылтың сәтте өрт сөндіру қызметі тұрғын үй кешенінің ауласына кіреберіс темір қақпамен тас қылып жабылып, ішкі аумақ бейберекет қойылған автокөліктерге толып тұрған.

АУЛАЛАРҒА КӨЛІК ҚОЮҒА ТҮЙІМ САЛЫНА МА?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Құтқарушылардың жанкешті әрекетінің арқасында жалынның көрші пәтерлерге таралуына жол берілмеді. Ауладағы тар жол мен орынсыз қойылған көліктердің кесірінен жоғалған әрбір минут осы трагедияның орын алуына әсер етті. Тұрғындардың «көлігім көз алдымда тұрсын» деген эгоистік ниеті мен тұрғын үй басқарушыларының қауіпсіздік ережелерін ескермеуі орны толмас қайғыға әкеп соқтырды.

Бұл жағдайдан кейін Қазақстан қоғамында «Өрт сөндірушілерге жолды бөгеген көліктерді қағып немесе ысырып өтуге заңды рұқсат беру керек» деген мәселе қатты көтерілді. Алайда Үкімет басшысы Олжас Бектенов бұған заңмен рұқсат беру орынсыз екенін, өйткені мұндай сәтте полиция күшімен көліктерді мәжбүрлі түрде эвакуациялауға болатынын жеткізді. – Көлік қозғалысын бөгейтін көлік құралдарын зақымдауға рұқсат беру мәселесі уәкілетті органдар тарапынан орынсыз деп саналады. Өйткені шектеулі жағдайларда кедергілер болған кезде өртті сөндірудің түрлі тәсілдері бар. Тығыз құрылыс аймақтарында өрт шыққан жағдайда әрекет ету алгоритміне сәйкес өрт бөлімшелерімен бірге жолды бөгеген көліктерді мәжбүрлі түрде жылжыту үшін полиция қызметкерлері де барады, – деп жауап берді Премьер-министр.

Осы оқиғадан соң аулалардағы ретсіздік мәселесі қызу талқыланп жатқан тұста, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «1 шілдеден бастап Қазақстанда тұрғын үйлердің маңында автокөліктерді қоюға мүлдем тыйым салынады» деген ақпарат тарап кетті. Бұл хабарлама жүргізушілер арасында үлкен түсініспеушілік тудырды. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі үйлердің маңына автокөлік қоюға тыйым салынады деген ақпаратты жоққа шығарды.

– Аталған ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Министрліктің бұйрығында тұрғын үйлердің жанында автокөліктерді қоюға тыйым салу көзделмеген. Жаңа қағидаларда азаматтарға арнайы

қарастырылған автотұрақ орындарына көлік қоюға тыйым салатын нормалар жоқ. Өзгерістер тек қолданыстағы нормаларды нақтылау мақсатында енгізілді. Сондықтан автокөліктерді қоюға қатысты жаңа шектеулер енгізіледі деген тұжырымдар құжаттың мазмұнына сәйкес келмейді, – деп мәлімдеді министрлік.

Десе де, бұл ауладағы бейберекеттік өзгеріссіз қалады дегенді білдірмейді. Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері көлік құралдарының талаптарға сай келмейтін жерлерде – тротуарларда, балалар алаңдарында және тар өткелдерде тұрақтауына жол бермеу үшін тұрақты түрде профилактикалық шаралар мен рейдтер жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Үкімет бұл мәселені түпкілікті шешу үшін заңнамалық деңгейде кешенді қадамдар жасауға көшті. Премьер-министр Олжас Бектенов Төтенше жағдайлар министрлігі көпқабатты тұрғын үйлердің жанында өрт сөндіру техникасын орналастыруға арналған арнайы алаңдарды міндетті түрде қарастыруды көздейтін құрылыс нормаларына өзгерістер дайындап жатқанын айтты. Бұл болашақта салынатын және қолданыстағы тұрғын үй кешендерінде құтқару қызметінің еш кедергісіз жұмыс істеуіне заңдық кепілдік бермек.

– Көпқабатты тұрғын үйлердің жанында өрт сөндіру техникасын орналастыру үшін арнайы алаңдар салу, яғни кемінде 15 × 6 метр көлемінде, түрлі түсті жол таңбаларымен және арнайы жол белгісін орнату бойынша құрылыс нормаларына түзетулер енгізу мәселесі псықталып жатыр, – деді Премьер-министр.

Қайғылы оқиға бір ғана өрттің салдары емес, ол қоғамдағы жалпы қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін көрсеткен дабыл іспетті болды. Мамандар тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға, ал жауапты органдардың инфра-құрылымдық талаптарды күшейтуге шақырып отыр.

Думан КЕҢШЛІК

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: УАҚЫТ ТАЛАБЫ МЕН ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ

Осылайша, конституциялық жаңғырту үдерісінің мазмұндық өзегі 2026 жылдың 20 қаңтарында Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда анықталды. Дәл сол алаңда биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енетін Жаңа Конституциядағы билік құрылымында орын алатын жаңа Парламент – Құрылтай құру, Халық кеңесін қалыптастыру, Више-Президент институтын енгізу, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құру туралы және тағы басқа ауқымды өзгерістерді жария етіп, қоғам сұранысына негізделген шешімдер қабылданды.

Осы ретте, 2026 жылғы наурыз айында өткен республикалық референдум ел тарихындағы маңызды саяси оқиғаға айналды. Референдумның өтуі барысында және әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтардың белсенділігі жоғары екенін анық байқадық. Оның ішінде Президентіміздің байыпты бастамаларына жоғары қолдау білдірген Сыр елі тұрғындарының референдумға қатысу белсенділігі 93,04 пайызды

құрап республика бойынша ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

Ел тарихындағы аса маңызды саяси науқан – республикалық референдумды жоғары деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге белсене атсалысқан азаматтар лайықты марапаттарға ие болды. Барлығы да ортақ іске асқан жауапкершілікпен қарап, тарихи маңызды шараның жоғары деңгейде өтуіне елеулі үлес қосты.

Адам құқығының ең жоғарғы демократиялық құндылықтарына негізделген референдум аяқталғалы бері Үкімет пен Парламент алдында жаңа 5 және қолданыстағы 8 конституциялық Заңға, сонымен қатар 60-тан астам заңнамалық актілерге, оның ішінде негізгі кодекстерге өзгерістер енгізу секілді жауапты міндеттер жүктеліп, барлығы да сәтті жүзеге асырылды.

1 шілдеден бастап күшіне енгелі тұрған Жаңа Конституция саяси тұрақтылықты нығайтып қана қоймай, экономика мен қоғамдық қатынастардың

барлық саласын жаңғыртуға жол ашып, бірлік пен әділдік, Заң мен Тәртіп қағидаларын берік орнықтырды. Сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, адам капиталының, ғылым мен мәдениеттің, цифрлық ортаңғы сапалы дамуына және экологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне берік негіз қалайды деп есептеймін.

Мемлекет басшысы да жаңа Ата Заңымызды мемлекетті жаңғырту бағытына халықтың айқын қолдауы мен сенімі ретінде бағалады. Осылайша, конституциялық жаңғырту үдерісі ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашып, Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

Руслан РҮСТЕМОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының депутаты

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – БҰЛ ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай дамуға.

Мемлекеттік қызметтің қызметі дегеніміз – қызметтің қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған желеленген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетілді:

«Жер учаскесінің нысаналы

мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап ететін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін қызметтің қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

«Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділіктерін қамтамасыз ету мақсатында

стандарттарға сәйкес ақпараттық тәжірибелер орнатылған.

Сондай-ақ әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы талапқа сай қажетті техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген. (компьютер жабығымен, принтер, камера, картридер, колонка).

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында қызмет көрсетудің сапасы мен қол жетімділігін арттыру өте маңызды. Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, үнемілік пен тиімділік қағидалары басты назарда болады.

А.ОРЫНБАЙ,
Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Жалпы айтқанда, жаңа ҚР Конституциясының мазмұны адамға бағытталған сипатта, өзекті қоғамдық құндылықты көрсетеді және саяси институттың нәтижелігін жоғарылауына бағытталған мемлекеттік қағидаларды қамтиды. Ең бастысы, ҚР Конституциясы адам құқықтарына бағытталған. Енді бірнеше тұсына тоқталсақ, біріншіден, Конституцияның кіріспесінде бірлік, ынтымақ, этикааралық келісім мемлекеттің іргетасы болып белгіленген. Өзгерістің негізгі құндылықтары егемендік, тәуелсіздік, унитарлық және аумақтық біртұтастық жатқызылған.

Сонымен қатар еділ Қазақстан форматы және оның идеологиялық тұғырнамасы заң мен тәртіп қарастырылған. Бұл дұрыс деп санаймыз.

Себебі, бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әділ қамтамасыз етудің кепілі болса, тәртіп – азаматтар мен мемлекеттің өзара сенімділігі мен жауапкершілігінің нәтижесі болып табылады.

Бұған қоса, кіріспеде табиғатты аялау, табиғи ресурстарды үнемдеу жайлы айтылды. Өте дұрыс, бір жағынан мемлекеттің экологиялық функциясының айқын көрінісі. Екінші жағынан, адамзат пен табиғат үйлесімді өмір сүруі керек.

Екіншіден, жаңа Конституцияның 15 бабында адам құқықтарының аясы кеңейтілген. Яғни бұрынғы ҚР Конституциясында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары басқа адамның құқықтарына, конституциялық тәртіпке және адамгершілікке нұқсан келтірмеуі керек делінген.

Ал жаңа Конституцияда азаматтардың басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға, бостандықтарын шектеуге жол берілмейді. Қоғамдық тәртіпті бұзбау, азаматтардың денсаулығына қауіп төндірмеу, қоғамның адамгершілігін бұзбау керек деп кеңейтілген. Сонымен қатар азаматтардың цифрлық ортада құқықтары қорғалады деген жаңа норма қарастырылған.

Үшіншіден, адам капиталының дамуына, білім мен ғылым, мәдениет пен инновацияға ерекше назар аударған. Сонымен қатар тәрбие мен білім беру ұйымдарында жүйе зайырлы сипатта болуы керек делінген.

Төртіншіден, неке деген 30-шы банк нақтылығы белгіленген. Неке – заңға сәйкес мемлекетпен тіркелген ер мен әйелдің ерікті және тең құқылы одағы делінген.

Бесіншіден, Қазақстан Халық Кеңесі деген жаңа бап пайда болды. Халық Кеңесі, «Әділ Қазақстанның» тірегі бола тұрып, қоғамды шоғырландыру құралы болмақ, мемлекет

пен этномәдени топтар арасындағы байланыс арнасына айналмақ, олардың мақсаты – қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Жалпы алғанда, Жаңа Конституциясының жобасы адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығын белгілей отырып, қазақстанның ұзақ мерзімді ғылыми-технологиялық дамуын белгілейді.

ҚР Конституциясы – мемлекеттің тұрақтылығы мен адам құқықтарын қорғаудың негізгі құқықтық іргетасы болып табылады. Конституция жаһандану және цифрландыру жағдайында егемендікті, ұлттық бірегейлікті және азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Жаңа өзгерістер адам құқықтарын кеңейтіп, білім, ғылым, экология және қоғамдық келісім сияқты құндылықтарға ерекше назар аударды. Жалпы алғанда, ҚР Конституциясы қоғамның демократиялық дамуын қамтамасыз ететін және «Әділ Қазақстан» қағидаларын жүзеге асыратын стратегиялық құжат болып саналады.

Мадина ЖҮСПЕБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
Құқықтану БББ доценті,
заң ғылымдарының кандидаты

2007 жылдың жазы еді. Байқоңыр қаласынан суық хабар жетті. Сонда тұратын нағашы інімің баласы мен оның Аралда тұратын қайын ағасының баласы суға кетіпті. Оқиғаның желісі оқушылардың жазғы демалысы болғасын қыдырып келген құда бала мен нағашының ағайынды екі баласы қосылып дарияға шомылуға барады. Түстен кейінгі уақыт болса керек. Екі үлкені суға түседі де, кішісі жағада отырып қалады. Бірін-бірі қуалап ойнаған екі бала жақатан еді. Сол ұзай бере кейін қайтысы келіп біраз әрекеттенді. Ол жердің суы соншалықты терең емес екен. Бірақ ағысы қатты болып не бермеді ме, әлде ажалына тура келді ме, бір батып бір шығып жүріп ақыры шым батып, мұны көріп тұрған жағалаудағы бала не істерін білмей есі шығып арлы-берлі жүгіріп, соңында үстін келіп хабар берген дегенше көң уақыт өтеді.

Осы оқиғадан оншақты күн бұрын нағашы інім бала-шағасын ертіп «Туған-туыстарды аралап жүріміз» деп біздің үйге де соға кеткен. Қулап-ойнап маз-мейрам болып отырған он алтыдағы жасөспірім Жансерікті сонда көрдім. Қазақша айтқанда, шамасы «бой жазып» жүрсе керек.

Біз келгендегі жағдай айтпаса да түсінікті. Суға кеткен балалардың әкелері естерінен танғандай болып сыртта отырса, аналары жылауға да шамасы келмей талықсып жатқан. Балаларды іздеу басталып кетіпті. Жақын-жуықтың, көрші-қоланның, жанашыр жандардың да керек болатын жері. Құдай жамандықтың бетін аулақ етсін, дәл осындай сыналатын тұста емес пе қазақтың «туысқаннан көрші артық» дейтіні. Әсіресе көршілері үлкен қолғабыс көрсетті. Қаладағы төтенше жағдайлар бөлімінде қызмет істейтін көршісі моторлы қайық, жай қайық алдыртып, еріктілермен, жақын-жуық пен бірге балалар суға кеткен жерді бірнеше шақырымға дейін қажетті құрал-жабдықтармен сүзгіледі. Жаздың ұзақ күнінде іздегіру әрекеттері азанғы сағат 5-6-дан қараңғы түскенше жалғасты. Қызылордалық сүнгірулерге хабар берілді. Бірақ жағдай

НИЕТ ТҮЗУЛІГІ

қаражатқа тірелгендіктен, олар ертеңгі түсте жететін болды. Уақыт болса өтіп барады. Қараңғы түскен соң да жарық түсіру арқылы іздеу жалғастырылды. Бірақ еш нәтиже берген жоқ.

Тан атты. Іздеу қайта жалғасты. 6-7 сағат су астын сүзіп, толассыз шарлағандарың әбден қалжырағаны көзге байқалып тұрды. Жағдайдың барысы белгілі бола бастағанда балалардың әкелері еңіреп жылады. Үйінен Жансеріктің анасы алдырылып, алдын ала дайындалған жеті күлше құдайысын дарияны жағалап жүгіріп жүріп суға лақтырды.

Енді бұл көріністің сол аймақтағы жанды мен жансызға түгел қозғау салары анық еді. Бәріміз де суға кеткен балалардың табылуы үшін шын ниетпен тілектестік білдірдік. «Шын жыласа соқыр көзден жаз шығар». Жаратушы Алла тілекті қабыл етсе керек, біраздан соң араға бір сағат салып суға кеткен екі бала бірінен соң бірі су бетіне шықты. Сондағы әкелерінің қуаңғанын көресіз. Әрине мұны қуаныш дегеннен гөрі денесін көресек деген уайымның қайтарымы деуге болар еді. Менің айтпағым, өткенді жаңғырттып, қапалы жандардың қайғысына қозғау салу емес, дұға-тілектің, ниеттің қабыл болуы туралы.

Ниеттің қабыл болуы туралы тағы бір мысал келтірейін. Ертеде үш жігіт тау арасымен жол жүріп келе жатады. Күн кешкіріп бара жатқан соң тау етегіндегі үңгірге кіріп тынығып алуды көздейді. Бірақ бұлар үңгірге кірген сәтте Құдайдың құдіретімен жер сілкінісі болып, үңгір аузын үйдіте тас бітеп тастайды. Ал оны жылжытамын деу құр әурешілік еді. Әрі отырады, бері отырады. Басқа амалдың жоқтығынан көздері жеткен соң бұлардың арасындағы үлкені ұсыныс айтыпты.

– Жігіттер, жағдай өздеріне мәлім. Арам өлгеннен басқа жолдың қалмағаны анық. Келіңдер, біз былай істейік. Біздің әрқайсымыз өз өміріміздегі ең бір жаратушының көңілінен шығады-ау деген жақсы ісімді баян етейік. Мүмкін, Құдай

ниетімізді қабыл етіп, тығырықтан шығар жолды көрсетер.

Сонымен бірінші жігіт сөз алады.

– Мен бір отбасының асыраушысы болатыным. Қарт анам, әйелім, шиттей бала-шаға бір өзіме қарап отыратын. Азаммен ерте кетемін, қас қарая келемін. Қара жұмыстың қандай болсын менен ауыспайтын. Күнделікті тапқан-таянғанымды отбасыма азық қыламын. Бір күні жұмыстан өте кеш қайттым. Келсем әйелім, балаларым тамағын ішіп жатып қалыпты. Ал байғұс әке-шешем менің келуімді күтіп, алдындағы азғантай наны мен сүтіне қолын да тигізбей, бір-біріне сүйенген қалпы ұйықтап кетіпті. Олардың бұл ықылас-ниетіне көңілім босағаны сондай, шаршағанымды ұмытып, ұйқым қашып кетті. Оларды орнына жатқызып, үстеріне көрпе жаптым. Таң атқанша оянуым күтіп, қастарында отырдым. Танертең олар оянаған соң қолдарына су құйдым. Ыдыстарына құмырадан сүт құйдым. Алдарына нан қойдым. Олар ауыз тигеннен кейін барып, бала-шағама рұқсат еттім. Ата-анамның маған деген осыншалық ықыласына мен өзімнің шын ниеттен шыққан азғантай қызметіммен жауап қайтардым. Ей, Жаратушы! Егер менің өзімнің разылығын үшін шын көңілден жасаған осы әрекетімді өз құзырыңнан орын табылып жатса, онда біздің мына қасаптан құтылуымызға жәрдем ет, – деген кезде үңгір аузындағы тас аздап жылжып, сапша пайда болады. Бірақ шығып кетуге мүмкіншілік болмайды.

Кезегін алған екінші жігіт әңгімесін бастайды.

– Мен әжептәуір ақуатты адамның баласы едім. Ойын-сауық, қызық қуып уақыт өткізіп жүрдім. Арам ойымды іске асыру үшін бір алыстау ағайымның қызына сөз салып жүргенмін. Ол жөні түзу қыз болатын. Әрине, көнбей қойды. Мен оған кек сақтап, «Шіркін, оның басына маған мұқтаж болатын күн туса екен» дейтінім. Інісі істі болып, әлгі қыз менен қаражат сұрай келді. Көктен тілегім жерден табылған мен қызға ондай қаражатты

беретінімді, бірақ ол үшін менің талабымды орындауы тиіс екенін сездірдім. Қыз байғұс қатты қиналды. Ақыр соңында: «Жарайды, мен сенің дегеніңе көндім. Бірақ Құдай алдында разы емеспін» деді.

Неге екенін қайдам, үнемі азғындықпен айналысып келе жатқан маған дәл сол сәттегі қыздың інісін арашалап қалты мен абыройым сақтап қалудың арасындағы жан күйзелісі қатты әсер етті. Артық сөзге келместен сұраған қаражаттың қолына ұстаттым да жөніме кеттім. Құдіреті күшті Жаратқан, егер менің өз разылығым үшін деп атқарған осы бір ісімді өзің үшін азғана ұнамды жағы болса, онда біздің мына жерден шығып кетуімізге көмектесе көр, – дегенде үңгір аузындағы тас тағы да жылжыды. Бірақ әлі де шығып кетудің мүмкіндігі болмайды.

Сонғы болып үшінші жігіт әңгімеге кіріседі.

– Мен елге белгілі бай адамның баласымын. Ақысын беріп, адам жалдап жұмыс істететінім. Бір жолы әрқайсысына он қозылы қойдан беретін болып келісіп, үш адамды жұмысқа қабылдадым. Жұмысты бітіргесін олардың екеуі ақысын алып, разы болып жайына кетті де, үшіншісі бастапқы ақыман келіспейтінін сездіріп, үстеме сұрады. Бірақ мен әлепкі уәде күшінде екенін айтып келіспедім. Ол ақысын алмай етіп қалды. Оның еңбек ақысы болып септелетін он саулықты мен бөлек бақтырдым. Арада үш жыл өтті. Әлгі он саулық бір қора қой болды. Бір күні ақысын алмай кеткен жігіт келіп, өзінкі қате болғанын айтып, еңбегін сұрады. Мен оған қора толы қойды көрсеткенімде ол сенімсіздік білдіріп бас тартты. Оған жағдайды түсіндіріп, қойларын алдына салып бердім. Ей, Жаратқан нем, өзінді разы ету үшін жасаған осы қайырым біздің қазіргі халімізді ескеруіне татитын болса, онда бізді мына зынданнан құтқара көр, – дегенде үңгір аузындағы тас толық ашылып, жігіттер жөндеріне кетті.Өмірдің өзінен алынған бұл екі мысалдың түйіні біреу ғана. Адам баласының қолға алуы қиын әрекетінің бірі – ол ниет түзулігі болса, адамның жақсы ниеті де, жаман ниеті де айналып өзін табатыны дау тудырмайтын шындық.

Әлімжан ӘЛКЕБАЙҰЛЫ

ЖОБА

Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары мен маршруттарын айқындау және бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы Ішкі сауда қангаларын бекіту туралы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.
2. Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру маршруттары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 қазандағы «Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы» № 16252 қаулысына өзгерістер енгізу туралы САЛЫСТЫРУ КЕСТЕСІ

№	Өзгерістерді енгізудің негізін қалайтын НҚА құрылымының бөлігі	НҚА қолданыстағы мазмұны	НҚА ұсынылған мазмұны	Негіздеме	
1	2	3	4	5	
	Аталған құрылымның өзгерістерін енгізу туралы 1 және 2 қосымшалары және редакциялау және жазылған	«Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 16252 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы, 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін. 2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін. 3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін. Қызылорда қаласы әкімінің 2020 жылғы 2 қазандағы №16252 қаулысына қосымша орналастыру орындары	Қызылорда қаласы әкімінің 2020 жылғы 2 қазандағы «Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы» № 16252 қаулысына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы Ішкі сауда қангаларын бекіту туралы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қангаларына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Қызылорда қаласы әкімінің 2020 жылғы 2 қазандағы «Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы» № 16252 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 7662 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін: тақырыбы және редакциялау жазылсын: «Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары мен маршруттарын айқындау және бекіту туралы» өзгерістер енгізілсін: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 12-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қангаларына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:- 1-тармақ және редакциялау жазылсын: «1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары мен маршруттары айқындағын және бекітілсін.» 2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін. 3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 12-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қангалары.	
№	Орналасу орны	Алтын аланы (шыршы метр)	Қызмет салымы	Үсыну мерзімі	Жаппай орналастыру инфрақұрылым (үлкен тұрғын аймақтардағы сәйкестендірілген сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Қызылорда қаласы, «Астана-2» мөлтек ауданы, №30 үй жаны	875 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» әлеуметтік үйі
2	Қызылорда қаласы, «Нұр Орда» мөлтек ауданы, Тасөте батыр көшесі №58 үй жаны	1800 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Амбар» дүкені
3	Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Ясауи көшесі, «Амбар» сауда үйінің жаны	1500 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Амбар» сауда үйі
4	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, «Қызылорда» сауда үйінің жаны	450 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» сауда үйі
5	Қызылорда қаласы, Жамбыл батыр көшесі №8 үй жаны	2700 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Улан» дүкені
6	Қызылорда қаласы, Иван Журба көшесі «Думан» мейрамханасының жаны	400 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» мейрамханасы
7	Қызылорда қаласы, Жамбыл мөлтек ауданы, Қызылорда аймақаралық техникалық колледжін жаны	4000 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Аса-Аса» дүкені
1	2	3	4	5	6
1	Қызылорда қаласы, «Астана-2» мөлтек ауданы, №30 үй жаны	875 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» әлеуметтік үйі
2	Қызылорда қаласы, «Нұр Орда» мөлтек ауданы, Тасөте батыр көшесі №58 үй жаны	1800 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Амбар» дүкені
3	Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Ясауи көшесі, «Амбар» сауда үйінің жаны	1500 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Амбар» сауда үйі
4	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, «Қызылорда» сауда үйінің жаны	450 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» сауда үйі
5	Қызылорда қаласы, Жамбыл батыр көшесі №8 үй жаны	2700 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Улан» дүкені
6	Қызылорда қаласы, Иван Журба көшесі «Думан» мейрамханасының жаны	400 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Думан» мейрамханасы
7	Қызылорда қаласы, Жамбыл мөлтек ауданы, Қызылорда аймақаралық техникалық колледжін жаны	4000 шаршы метр	Азық-түлік өнімдерін өңдеу және сақтау	5 жыл	«Аса-Аса» дүкені
8	Қызылорда қаласы, «Астана-2» мөлтек ауданы, №65 үй жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы				
1	Сағымбаев к/сі-Жезқазған тас жолы қиылысы	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
2	Қарауыл төбе а/а, ІА қоспесінің бойы	12	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
3	Е. Әуелбеков көшесі н/з	36	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
4	Әл-Фараби ш.а, Қарақұм қоспесінің бойы	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
5	Тарайаралов және Қорқыт Ата көшелері қиылысы	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
6	Әйтеке би және М. Әуезов көшелері қиылысы	12	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
7	Сол жағалау 12 үй жаны	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
8	Ғ. Мұратбаев көшесінің бойы	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
9	Астана ш/а №39 үй жаны	12	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Нет
10	Қараша көшесінің бойы	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Магалин Зінтар
11	Сол жағалау, 22 үй жаны	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Социалық мағалин
12	Сол жағалау 12 үй жаны	12	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	нет
13	Сағымбаев к/сі Қарауыл төбе а/а арқасы	12	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	нет
14	Сол жағалау, 2 квартал, 8 үй жаны	24	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Социалық мағалин
15	Сол жағалау, 2 квартал, 12-13 үй жаны	12	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	нет
16	Сол жағалау, 4 квартал автоуақыт	12	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	нет
17	Қазыбек би көшесінің бойы	36	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	Мини рынок
18	Байтөрек-3 ш/а, 30 тұйық көше	25	5 лет	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	нет

Қызылорда қаласы, «Нұр Орда» мөлтек ауданы, Текей батыр көшесі №58 үй жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы



Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Ясауи көшесі, «Амбар» сауда үйінің жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы



Қызылорда қаласы, Абай даңғылы «Қызылорда» сауда үйінің жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы



Қызылорда қаласы, Жамбыл батыр көшесі №8 үй жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы



Қызылорда қаласы, Иван Журба көшесі «Думан» мейрамханасының жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы




Қызылорда қаласы, «Жетіқола» мөлтек ауданы, Қызылорда инженерлік-техникалық колледжін жаны аумағындағы стационарлық емес сауда объектісін 5 жылға дейінгі мерзімге орналастыру схемасы



19	Мерей ш/а, Мерей спорты кешіні жаны	36	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
20	Қараша көшесі, Жастар үйіне қарсы	25	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
21	3. Шүкүров к/сі	48	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
22	Тасөтегө III, Есенов, С. Сейфуллин көшесі	24	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
23	Сыр Суылары аласы	-	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
24	Сырдария ш/а Тәуелсіздік даңғылы, №3.4 үй	12	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
25	Тасөтегө көні, №172 мектеп жаны	20	5 жыл	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды сату	жоқ
26	Сол жағалау, 5-ші квартал, автоуақыт жаны</				

АМАНАТ



Ерте соққан көктемнің алтын күрек самалынан соң жамылғысы түрілген Сырдың жаймашуақ күндері дәм-түз бұйырып, Орал қаласына жол түсті. Қалың қар, саршұнақ аяз қысқан Орал таңы Әділбек достың ыстық ықыласы мен сағынышқа толы кең құшағы бізді тондыра қоймады. Осыдан тура қырық жыл бұрын Жайықтан ұшқан аққу үнін Сырдың сырлы сазына қосуды армандаған Әділбек Сүлейменовен сол кездегі Н.В.Тоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінің музыка бөліміне оқуға бірге түскенбіз.

1977 жылы музыка бөлімі филология факультетінен бөлініп, өз алдына музыка-педагогика факультеті болып қайта құрылды. Әуезі мен әзілі қатар жүрген Керекулік досымыз Балкенов Жанұзақшпаласак, төрт жыл оқып, еліне келген Жанұзаққа әкесі:

– Балам, оқуды жақсы аяқтаған боларсың дипломыңды әкел, байғазы-батамды берейін, – депті.

– Көке, бұрын музыка бөлімі еді, енді факультет болып жоғарылап, тағы бір жыл оқитын болдық, – деп «тостан» сүрінгенін білдірмей, сөз тауып кеткен екен.

1979 жылы оқу бітірген, талай қызықты, думанды күндерді бірге өткізген біз Әділбектің 60 жасқа толған тойында қайта қауыштық. Мерекелік іс-шараға орай Орал облыстық қазақ драма театрында «Әкем-әнім» атты он кеші ақпанның соңғы күніне жоспарланғаны. «Орал өңірі» облыстық газеті мен телеарналардағы хабарлар, көшелерде ілінген билбордтар сазгер Әділбектің елінде беделі мен абыройын айқындап тұрғанды.

Күн ілгері келген группалас достардың Орал қаласының тарихи орындарымен танысуға уақытымыз толығымен жетті. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға арналған мәңгілік алауға барған біз, батыстағы ағайындардың өткен күнді есте қалдыруға арналған үлгілі ісіне көңіліміз толып, бір сергіп қалдық. Жетпіс жыл бұрын қанды қырғында ерекше ерлігімен көзге түскен Халық қаһарманы Х.Доспанова, Кеңес Одағының Батыры М.Мәметова бастаған 46 батыр мен «Даңқ» орденінің толық иегерлерінің бет-бейнесі бедерленген ескерткіш тақта алдында талай сырға қанықтық. Әр ауданнан соғысқа аттанып, елге оралмаған сан мың боздақтың Бірі – Қазталова ауданынан соғысқа аттанып, елге оралмаған Әділбектің Хусмановтың өсімі мәрмәр тасқа қашалып жазылған екен.

Досымыз Әділбектің әкесі Нәсекен Сүлейменов 1938 жылы Жалпақтаудағы педкурсты бітірген соң, Қаратөбе ауданына жолдамамен жіберіліп, мұғалім болып еңбекке араласады. Аудандық партия комитетінің ІІ хатшысы Хусманов Әділбекке сәлем бере барған Нәсекенді үй иелері ілтипатпен қарсы алып, жақсы күтеді. Әділбектің мен Қазанның Зәуреші өзінің отыра алмайтын, жасқа толмаған нәресте кезі екен. Қонақпен қолтасарда ағасы Әділбектің:

– Айналайын, Нәсекен, мені әскерге алғалы жатыр. Өмір қалай өзгерерін кім білсін? Зәурешіме көз қырыңды сала жүрерсің. Саған аманат, – деп жаманкершілік жүгін қоса артып жібереді.

Арада жылжып жылдар жылжытады. Халық басына бұлт үйірілген аласапыран күндер де өтеді. Нәсекен де отты жылдардың дәмін татып, елге оралады. Төрт-бес жас үлкен Қазинаға жар болған бойдақ жігіт Зәурешке әке болып, соғыстан қайтпай қалған Әділбектің ағанын аманатын адал атқарды. Табиғат заңына бағынған өмір жалғасып, дүниеге Асылбек, Мақсұт, Әділбектер келді. Саналы тұрмырмен шәкірт тәрбиелеуге жұмсаған Нәсекен аға да алпысқа толып, зейнет жасына жетеді. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, аймаққа абыройлы ағанын тойын ел ағалары атап өтетін болып, күніне дейін белгілеп қойған-ды. Қысқы семестрдің кезі, соңғы курстың оқуы қиын, талабы қатты, әке тойына баруға да мұрша берер емес. Қайтпек керек? Бұған дейін бірнеше балаң әндер жазып жүрген Әділбектің ойы сан-саққа жүгірді. Бірінші курстан бірге оқитын Орынбасарға ойындағысын тәптіштеп түсіндірді. Апта бойы иі қанып, толғағы жеткен ән сазды сырайдың сырлы түймелерінен төгіліп жатты. От кешкен, өмір көрген, адалдықты ту еткен әкенің өзі білетін өмір жолын ақын досқа ақтарды. Жүрек дүлінің деп баса алатын сезімтал ақын дос әкесінің бейнесін төрт қатар шумаққа сыйдырып, әке бейнесі биіктен шыға келді. Ән алғашқы тыңдаушыларының көңілінен шықты. Сол күні-ақ бір топта оқитын әнші Ошман Оспановтың орындауында Қызылорда облыстық радио комитетінде таспаға жазылып, Оралға жөнелтілді. Шаттық пен жарқын тойға арналған балаң әнге деген сағыныш сазы Орал жұртшылығына ұнап, бүкіл елге тарала бастады. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі талай өнерлі жастың талантты ұштап, халыққа танылуына жол ашқан «Тамаша» ойын-сауық бағдарламасында орындалғаннан кейін «Әкем-әнімсіз» бірде-бір той тарқамайтын болды.

Ісі қазақтың жүрегіне жол тауып, әкеге деген құрметтің белгісі болған әннің авторы ҚР мәдениет қайраткері, әнші, композитор Әділбек Сүлейменовтің 60 жасқа толуына орай Орал облыстық қазақ драма театрында «Әкем-әнім» шығармашылық кеші өтті. Сексен ән жазған автордың жиырмаға жуық әні шыққанды. Әр түрлі жанға еркін қалам тербеген композитордың әндерін балалар хоры, «Ару аналар», «Әжелер сәлемі» шығармашылық ұжымы, вокалдык топтар, жеке әншілер жоғары деңгейде орындап, тыңдарман жүрегін тербеді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына орай өткен кеш марш әуеніндегі әндермен рухтанса, әртүрлі ұлыстан құралған ансамбль орындауындағы лирикалық әндер, махаббат таңғысы тербеліп, екі сағат ешкімді тырп еткізбей, ерекше сезімге бөледі. Шығармашылығы жарасқан, ағалы-інідей сыйласқан қоғам қайраткері, ақын-сазгер Мәди Артығалиев Астанадан арнайы келіп, «Республикалық мәдениетті қолдау» қоғамдық қорының «Тұлға» алтын медалін тапсырды. «Әкем-әнім» әнінің өлеңін жазған, шырайлы Шымкенттен тойға арнайы келген Орынбасар Сүттібаев, жергілікті ақын, бірнеше әнге өлең жазған Қобылан Қуанов жырдан шашу шашты. Қырық жыл бұрын студенттік өмірді бірге бастаған, бір топта оқыған достар сәлемі мен сый-сияпатын тапсыру осы жолдардың авторына бұйырды.

Батыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының ұйытқы болуымен елдің ауырталығын қайыспай көтерген әжелерге арнап Орынбасар мен Әділбек досымен жапаң ән ескерткішінің енесі асқақтай түсіп, өнер адамның мәрейі тасып, ән құдіретіне халықты тағы бір мәрте бас итізіп, сазды кеш өз мәресіне жетті.

Орынбасар ақын сөзімен айтсақ: Мәпеледік ұл-қыз бақыт құсы деп, Біз де әке боп жолға көзді талдырдық. Ән мен жырдан сен екеуміз мүсіндеп, Әжелерге мәңгі ескерткіш қалдырдық. Қобылан Қуановша айтсақ: Алпыста аласұрған шабытыңыз, Жетпісте, сексенде де алқынбасын. «Тұлға» деген алтын белгі құтты болсын, Тұлғамен тұла бойың алтындалсын. Ақыннан сөз асырып айту қайда?! Біз де осы тілекке тілек қостық.

Жұмабай Байзақұлы,
Бесарық ауылы

БІРЛІГІ БЕКЕМ, ТІРЛІГІ ТҮЗУ АҚЖАРМА

Әлеуметтік сала әлеуеті

Сонымен қатар Ақжарма ауылдық округінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, мәдени-рухани өмірді жандандыру және халыққа сапалы қызмет көрсету бағытында да жүйелі жұмыстар жүзеге асуда. Тұрғындарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық амбулатория алғашқы медициналық көмек көрсетіп, қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету еді.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау – басты назардағы мәселелердің бірі. Осы бағытта құзырлы мекемелермен бірлескен жұмыстар нәтижесінде биылғы жылдың 1 маусымына дейін 17 отбасыға жалпы көлемі 4 млн 564 мың 600 теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленген.

– Соңғы жылдары әлеуметтік көмек алушылар санының азаюы тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту және мемлекеттік бағдарламаларға тарту жұмыстарының оң нәтижесін көрсетеді. Округте мерекелік және қайырымдылық шаралары да тұрақты ұйымдастырылып келеді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік концерт өткізіліп, Батыр аналар мен ауыл әйелдеріне гүл шоқтары мен сыйлықтар табысталды. Әр салада еңбек етіп жүрген нәзік жандылар алғаш хаттармен марапатталды. Наурыз мерекесі қарсаңында ауыл орталығында өткен «Армысың, өз Наурыз!» мерекелік шарасында ұлттық салт-дәстүр дәріптеліп, киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берілді, – дейді ауыл әкімі.

Қайырымдылық бағытындағы жұмыстарды жасаудан да шет қалған емес. «Қайырымдылық акциясы», қасиетті Рамазан айы және Құрбан айт мерекесі аясында демеушілердің қолдауымен 19 отбасыға азық-түлік себеттері мен ет таратылған. Ал 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған «Балаларға қуаныш сыйлайық» акциясы барысында әлеуметтік оял санаттағы және ерекше қажеттілігі бар балаларға ойыншықтар сыйланып, ауылдың барлық бұлдіршіндеріне 500 дана балмұздақ үлестірілген.

Кәсіпкерлік көкжиегі

Жыл сайын шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекет тарапынан жасалған қолдаулық нәтижесінде бұл салада да айтарлықтай оң өзгерістер қалыптасты. Ауыл экономикасы дамуының басым бағыттары – шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге өз деңгейінде мән беріліп келеді. Үстiмiздегi жылы ауылдағы кәсіпкерлік нысандар саны 55-ке жеткен. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жыл басынан бері 1 жоба мақұлданды. Сонымен қатар қайтарымсыз несиелер алу, «Ауыл аманаты» бағдарламалары өз нәтижесін беруде. Бұл – несібесін кәсіптен тапқасы келетіндер үшін үлкен мүмкіндік екені анық.

– Кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында округте ауқымды жұмыс бар. Атап айтсақ, жеңілдетілген несиелер бойынша жылыжай салуға және «Ауыл аманаты» бағдарламасы негізінде асыл тұқымды ірі қара алу бойынша ұсынылған жобалар қаржыландырылды. Округте жыл сайын әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны азайып келеді. Бұл үрдіс азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру және түрлі мемлекеттік бағдарламаға тартуға байланысты, – дейді Ақжарма ауылдық округінің әкімі Саттар Әбдіреев.

Агросаланың айшықты істері

Елдегі ағайын етене кәсіп – ауыл шаруашылығымен жан-жақты айналысып келеді. Ауылда несібесін қара жерден теріп, жайқалтпа егін өсіріп жүргендер бар. Мұнда егіншілікті ілгерілетудің тың жолдары қарастырылуда. Әсіресе, төрт түлік шаруашылығын дамытудың

мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға тырысады. Бұған халықтың бетбұрыс жасап отырғаны байқалады. Мәселен, биыл 945 гектар аумаққа күріш дақұлы, 100 гектар жерген жана жонышқа, 590 гектар жерге ескі жонышқа егілді. Егін шаруашылығымен айналысатын 8 шаруа қожалығы бар. Ауылдағы тіркелген мал басының саны 2067 құрайды. Бұл ақжармалықтар үшін ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік мол екенін көрсетеді.

– Біздің басты мақсат алдағы уақытта да ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту. Елді мекенді дамытуда қол жеткізген жетістіктеріміз болашаққа бағытталған тың істерге жол ашатынына көміл сенеміз. Қазіргі уақытта округті дамытуға бағытталған жоспарлар нақтыланып, қаржының қаралуына байланысты, кезек-кезеңімен шешімін табуға жұмыс жүргізілуде, – дейді Ақжарма ауылдық округінің әкімі.

Ауқымды жобалар жүзеге асуда

Инфрақұрылымды дамыту бағытында да ауқымды жобалар жүзеге асуда. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Баймұрат батыр және Талдыарал ауылдарындағы жалпы ұзындығы 3,15 шақырым болатын бес көшеге жауу жүргініштер жолы салынған. Бұл жұмыстарға 69,8 млн теңге бөлініп, мердігер мекеме – «Ақиқат Авто» ЖШС құрылысты толық аяқтады. Баймұрат батыр ауылында жеке кәсіпкер «Жарықпанов» балалар ойын алаңына 4,3 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Ал Талдыарал елді мекенінде су тарту насос станциясының құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны – 656,9 млн теңге. Қазіргі таңда облыстық бюджеттен алғашқы 64 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары қарқын алды.

Ауыл мәдениеті кеңге құлаш жаюда

Ақжарма мәдениет үйі ауыл тұрғындарының мәдени өмірінің орталығына айналған. Мұнда 5 шығармашылық үйірме жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Сыр Орда» вокалды-аспапты ансамблі, «Саулем-ай» әжелер ансамблі, ән, би, көркем сөз оқу және колөнер үйірмелері тұрғындардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріп келеді. Сонымен қатар №9 және №10 кітапханаларда 35 мыңнан астам кітап қоры сақталған. Тұрақты оқырмандар саны – 1355. Кітапханаларда түрлі әдеби-мәдени кездесулер, танымдық кештер мен рухани іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың мәдени деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Ақжарма ауылдық округінде атқарылып жатқан бұл жұмыстардың барлығы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға және елді мекендердің көркеюіне бағытталған.

Р.С. Қазір ауыл мен қаланың айырмасы жоқтай көрінеді. Себебі, өркенетке ауыл тұрғындары да қол жеткізді. Су бар, жарық үздіксіз беріледі. Әлеуметтік мекемелер заман талабына сай жабдықталып жатыр. Төрт түлік мал – аулада. Көкөніс егіп, қор жинауға да мүмкіндік мол. Міне, мұның бәрі – халықтың көңілі шат, жағдайы жақсы болуы үшін жасалып жатқан нәтиже. Иә, өнеркәсіп саласы өрлеп алдығы қатарға шыққан ауыл тіршілігін бұрынғыдан да жақсарту негізгі міндеттер саналып отыр. Оны орындауға мүмкіндік те, мемлекет қолдауы да жетерлік. Жергілікті атқарушы билік өкілдері бұл ауылдың дамуына үлес қосудан қатар, мұндағы кәсіпкерлердің де еркін жұмыс істеуіне, жүйелі жобасын уақтылы жүзеге асыруына мүмкіндік туғызып отырғанын көңіл тоғайтады. Ал ауылдағы азаматтар өз кезегінде ақжармалықтарды қолдан келгенше жұмыспен қамтуға, әлеуметтік мәселелерін шешуге ден қойып отырғандарын айтып кеткеніміз жөн болар.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



Басы 1-бетте



Меншік ісін:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу күзлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сәтсөзбен, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4400 Тапсырыс №1097

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан Қуанышбайұлы